

МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Абай ЕРТІС,
Семей



Семейлік теміржолшылар Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар күнін салтанатты түрде атап өтті.



Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Алмас Сейсемқанов пен Семей магистральдық салалық бөлімшесінің бастығы Айдын Шәукеежанов көпшілікті мерекемен құттықтап, еңбекші халықтың мүддесін қорғайтын қоғамдық ұйым жұмысына сәттілік тіледі.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподағының төрағасы Есен Қажығұлов есепті баяндама жасап, жыл көлеміндегі атқарылған шараларға тоқталып өтті. Атап айтсақ, көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету, республикалық «Мектепке жол» акциясы сынды бірқатар әлеуметтік іс-шаралар сәтпен жүзеге асырылған. Сондай-ақ ұжымдық шартқа сай, әр теміржолшы лайықты көмек пен әлеуметтік кепілдіктер алып келеді. Мұнымен қатар, кәсіподақ мүшелерінің құқығын қорғау мен еңбек қауіпсіздігін сақтау, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру және бұқаралық спортты дамытуда да елеулі жұмыстар жасалған.

Салтанатты жиын барысында салалық кәсіподақ жұмысына белсене араласып, қоғамдық жұмыстарда ерекше көзге түсіп жүрген бірқатар теміржолшылар марапатталып, түрлі сый-сияпатқа ие болды. Олардың арасында қайырымдылық шараларын өткізу мен спорттық сайыстарды ұйымдастыруда белсенділік танытып жүргендердің қатары көп екен. Әрқайсысы теміржол бойында түрлі салада еңбек етеді. Бірі жол дистанциясында техникалық бөлімнің бастығы болса, енді бірі электромеханик болып қызмет атқарады.

Суретті түсірген автор

ПОЙЫЗ ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР ИГІЛІГІНЕ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



Астана станциясындағы жұмысшылардың еңбек және өндірістік тұрмыс жағдайын жақсарту үшін бес мобильді пункт сатып алынды. Пойыз құрастырушыларға арналған алғашқы мобильді пункттер сұрыптау паркіне орнатылды.



Мобильді ғимараттың орнатылуы «ҚТЖ» ЖШС бас инженері Марлен Көкірекбаев тексерді. Жыл соңына дейін осындай тағы 4 үйшік пайдалануға берілімек. Олар сонау 60-жылдары салынған стационарлық пункттердің орнын алмастырады. Заманауи модульдік ғимараттар пойыз құрастырушылардың жайлы жұмыс істеуі мен демалысы үшін қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Жылжымалы үйде жұмыс істеуге және тамақтануға арналған аумақтар белгіленген. Ғимараттың қабырғалары жылу сақтайтын материалдармен оқшауланған, қасбеті плиткамен қапталған, пластикалық терезелер орнатылған. Парктің дауыс зорайтқыш байланысы жүргізілген. Тұрмыстық техникалар: тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, кондиционер және қажетті жиһаздар бар. Бөлменің ауданы 14 шаршы метр. Үйлерді жинап алып тасымалдауға болады. Бұл арнайы рұқсатты немесе қандай да бір шарттарды орындауды қажет етпейді.

«Пойыздарды құрастырып, таратып түзде жүретін пойыз құрастырушылардың жұмысы күрделі әрі жауапты. Өйткені кез келген ауа-райында, тәуліктің кез келген уақытында жұмыс істейді, сондықтан олар үшін қолайлы жұмыс жағдайын жасау маңызды», – дейді станция бастығы Ерлан Рахымжанов.

Астана станциясында 60 пойыз құрастырушы бар. Олар 12 сағаттық ауысымда 9 маманнан жұмыс істейді. Күн сайын станцияда 30-ға дейін пойыз жасақталады, 160-қа дейін құрам қабылданып, жөнелтіледі және өткізіледі.

«Ақмола филиалында жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту, жарақаттануды болдырмау, жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау, арнайы киіммен және қауіпсіздік аяқ киімімен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс орындарының санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша шаралар атқарылууда. Бұл шаралардың барлығы теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсартып қана қоймай, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – дейді бөлімнің бас инженері Сайран Баржақсин.

Сұхбат



МАҚСАТ – ЖҮК ТАСЫМАЛЫНА САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУ

Биыл еліміздегі ең ірі жүк вагондары паркінің операторы «Қазтеміртранс» АҚ-ның құрылғанына – 20 жыл. Компанияның қызметі мен алдына қойып отырған мақсат-міндеттері туралы жүзеге асырып жатқан жобалары жайында «Қазтеміртранс» АҚ бас директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Еділ Исаковты әңгімеге тарттық.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

– Еділ Болатұлы, «Қазтеміртранс» АҚ-ның мерейтойы құтты болсын! 20 жыл аз уақыт емес, әсіресе оның бастауында тұрған азаматтар үшін талай «тар жол, тайғақ кешуді» бастан кешкен шешуші кезең болғаны анық. Бүгінгі таңда компанияның вагондар паркі қанша және олар қандай жүк түрлерін тасымалдауға жұмылдырылады?

– Рахмет, әрине кез келген компанияның құрылып-қалыптасып, аяғынан тұруы үшін уақыт керек. Қазтеміртранс бүгінде сол кезеңді артқа тастап, отандық нарықта өз орнын қалыптастырған ірі операторға айналды деп сеніммен айта аламыз. Жалпы, Қазақстанда жекеменшік иелігінде барлығы 140 мың вагон бар. Соның 40 мыңға жуығын, яғни 30%-ын біздің Қазтеміртранс меншігіндегі вагондар құрайды. Олар – ашық және жабық вагондар, платформалар, астықтасығыштар, цементтасығыштар және өзге де вагон түрлері. Компанияның құрылымдық құрамына пайдалануға беру және арнайы жұлжымалы құрамды жалға беру сияқты салаларды қамтиды.

«Қазтеміртранс» АҚ вагондарында тасымалданатын жүктердің негізгі үлесін көмір, қиыршық тас, кен сияқты сусымалы жүктер құрайды. Сондай-ақ үн, құрылыс материалдары және басқа да жүк түрлерін тасымалдаумен де айналысамыз.

– ҚТТ вагондарымен экспорттық жүктер де тасымалдана ма? – Біз ұлттық жүк вагондары паркінің операторы ретінде тасымалдың 45-47%-ын Қазақстанның ішінде жүзеге асырамыз. Жаңа атап өткенімдей, негізгі жүк көмір, қиыршық тас сияқты инертті жүк тасымалын қамтамасыз етеміз. Жылу маусымында тасымалдың шамамен 80%-ын көмір құрайды. Үкімет пен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның біздің алдымызға қойып отырған міндеті – елдегі әлеуметтік маңызды жүк тасымалын қамтамасыз ету. ЖЭО-ларға, коммуналдық-тұрмыстық бағыттарға көмір жеткізумен айналысамыз. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарлама шеңберінде автожол инфрақұрылымының құрылысы жүріп жатқан учаскелерге қиыршық тас, құрылыс материалдарын тасымалдаймыз. Ал экспорттық жүктерге көбінесе Транском, Инскомтранс, Atasu Group, Atasu Logistics сияқты өзге жекеменшік компаниялардың ашық вагондар паркі жұмылдырылады. Сөз ретінде келгенде, Қазақстанда жүк жөнелтушілерге ҚТЖ-ның қатысуынсыз келісімшарт негізінде вагондарын жалға беретін 300-ден астам жеке вагон операторлары жұмыс істейтінін атап өткім келеді.

– Демек, бұл жекеменшік операторлар ҚТТ-ға бәсекелес бола алады ғой. Мұндай жағдайда жүк ағынын жоғалтып алмау үшін Компания тарапынан қандай да бір жеңілдіктер қарастырылған ба? – Тасымалдайтын жүк жеткілікті. Тіпті, кейде вагондар жетіспей жатады. Мәселен, өткен жылы ҚТТ вагондарымен көмір, қиыршық тас, үн өнімдері, азық-түлік және тез бұзылатын өнімдерді қосқанда тасымалдау көлемі 69,2 миллион тоннаны құрады. Жалпы 2019-2022 жылдардағы орташа жылдық көлем 61,4 миллион тоннаны құраған болатын. Ал жылғы жылы жүк тиеу 2022 жылмен салыстырғанда 2,8%-ға өседі деп болжануда. Десе де, біздің тариф жекеменшік операторлармен салыстырғанда 15-20%-ға төмен екенін айту керек. Бұл жеңілдікті біз жүк вагондарымен мейлінше қамтамасыз ету және жүк жөнелтушілерге қолайлы тасымалын қамтамасыз етуге ұстап отырмыз. Көлік шығыны тасымалданатын жүктердің бағасына қатты әсер етпеуі керек. Өйткені біздің алдымызға қойып отырған міндеті – елдегі әлеуметтік маңызды жүк тасымалын қамтамасыз ету. ЖЭО-ларға, коммуналдық-тұрмыстық бағыттарға көмір жеткізумен айналысамыз. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарлама шеңберінде автожол инфрақұрылымының құрылысы жүріп жатқан учаскелерге қиыршық тас, құрылыс материалдарын тасымалдаймыз. Ал экспорттық жүктерге көбінесе Транском, Инскомтранс, Atasu Group, Atasu Logistics сияқты өзге жекеменшік компаниялардың ашық вагондар паркі жұмылдырылады. Сөз ретінде келгенде, Қазақстанда жүк жөнелтушілерге ҚТЖ-ның қатысуынсыз келісімшарт негізінде вагондарын жалға беретін 300-ден астам жеке вагон операторлары жұмыс істейтінін атап өткім келеді.

– «Қазтеміртранс» АҚ-ның вагон паркінің тозу деңгейі 57% шамасын құрайды. Сондықтан компания вагон паркін кезең-кезеңмен жаңартуда. Әрине, бәрі қаржыға келіп тірелетіні белгілі. Биыл ел Үкіметі мен Көлік министрлігінің, «Бәйтерек» холдингі мен Қазақстан даму банкінің қолдауымен «Қазтеміртранс» АҚ Екібастұз қаласындағы Қазақстандық вагон жасау компаниясымен 2025 жылға дейін 3000 ашық вагон сатып алуға негізделген екі жылдық келісімшартқа отырды. Яғни 6% мөлшерлемедегі субсидия бөліңді. Үкіметтің біздің алдымызға қойып отырған міндеті де сол, бізге төменгі пайыздық мөлшерлеме бере отырып, отандық өндірушілер жасап шығарған вагондарды сатып алу. Бұл бізге де, вагон компаниясына да тиімді келісімшарт. Біз вагон паркін қосымша 3000 вагонмен жаңалаймыз, бұл өз кезегінде Қазақстан ішінде тасымал көлемін ұлғайтуымызға мүмкіндік береді. Сондай-ақ биыл 12 мыңнан астам вагонды жөндеп, жұмысқа жарамсыз вагондар санын азайту жоспарымыздың да 80% астамы орындалды.

– Еділ Болатұлы, қазір бизнес-процестер мен өндіріске жаңа технологиялар көп ілеспес жылдамдықпен еніп жатқан заман. Осы ретте ҚТТ-да цифрландыру үдерісі қалай жүріп жатыр? Уақыт талабына сай енгізіліп жатқан жаңа жобалар бар ма? – Әрине, цифрландыру барлық салада қарқынды жүріп жатқан кезде біз де мұнымен белсенді айналысып жатырмыз. Қазір компанияда көптеген бизнес-про-

цестер сандық жүйеге көшкен. Әсіресе вагон паркімен қамтамасыз ету және тасымалға қатысты дүниелер. Солай бола тұра, компанияға жүк жөнелтушілер тарапынан қойылып отырған сын да жоқ емес. Мысалы, жүк жөнелтушілер арасында вагон паркін таратып бөлуге қатысты. Қазір біз осы бағытта пәрменді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ерекше пилоттық жоба енгіздік. Ол адамның қатысуынсыз, автоматты режимде вагондарды таратады. Яғни жасаңды интеллект негізінде жасалған бағдарлама ашықтықты қамтамасыз етеді. Қазір біз пилоттық жобаны аяқтағалы отырмыз. Егер ол сәтті нәтиже берсе, біз 2024 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін жұмыс процесіне толықтай енгізіп, іске қосатын боламыз. Бұл жоба Қазақстан бойынша біз тасымалдайтын барлық жүк түрін және біз басқаратын вагон паркін толығымен қамтитын болады. Бастысы, жүк жөнелтушілер арасында вагондар әділ бөлінетін болады. Нәтижесінде компанияға қатысты айтылған жоғарыдағы сынға нүкте қойылады деген ойымыз.

– Сұхбатымыздың соңында ұлттық тасымалдаушы компанияның ұстанымы туралы айтып өтсеңіз.

– «Қазтеміртранс» АҚ Қазақстан Республикасында ірі жүк вагондары операторы мәртебесіне сай өз қызметінде ашықтық ұстанымына басымдық бере отырып, сапа мен санның үйлесімді болуын бақылауда ұстайды. Жүк тасымалдаумен жиырма жыл айналысып келе жатқан компанияның алға қойып отырған мақсаты – жүк жөнелтушілер сұранысын қанағаттандырып, сапалы қызмет ұсыну. Міне, осы бағытта қызметімізді жетілдіруге, заманауи технологияларды енгізуге күш-жігерімізді салатын боламыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТЫҢ ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНЫП ОТЫР



ҚАЛА МАҢЫ ТАСЫМАЛЫ

Соңғы жылдары ел шығысындағы теміржол саласында қолға алынып отырған мәселенің бірі – қала маңы жолаушы тасымалын дамыту болып отыр. Мәселен, Семей және Өскемен станцияларынан шығатын, шипалы Алакөл жағасындағы Жалаңашкөл бекетін бетке алатын жолаушылар пойыздары – осындай шаралардың нәтижесі.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұдан шығатын қорытынды, Семей жүк тасымалы бөлімшесі бойынша қала маңы жолаушы тасымалының тын мүмкіндіктері жыл өткен сайын ашылып келеді. Туристік маусымдағы қатынастың пойыз қозғалысы толығымен жолға қойылып, тиімділігі дәлелденді. Десек те, биылғы жылы қала маңы тасымалына тағы бір жаңа бағыт қосылмақ. Атап айтсақ, Абай облыстық әкімдігінің бастамасымен Семей қаласына жақын маңдағы елді мекендерге жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мақсатында теміржол қатынасын жандандыру тиімді деп табылып отыр. Яғни, қайтадан құрылған облыс орталығына жақын орналасқан халық саны ірі кенттерге тұрақты түрде жолаушылар пойызы жүргізілімек. Соның алғашқысы ретінде Семей – Шар теміржол қатынасы бағытын жаңадан ашу көзделуде. Ал бұл маршрутты Абай облыстық әкімдігі қаржыландырмақ.

Айта кетер болсақ, жаңа бағыттың басты ерекшелігі сол, қала маңы пойызы екі станция арасында аптасына 6 мәрте қатынайды деп күтілуде. Мәселен, аталмыш бағыттың болжамды кестесі бойынша пойыздың Шар қаласынан шығу уақыты таңғы 6.30 болса, Семей қаласына келіп жету уақыты 9.00 екен. Ал Семейден кері шығу уақыты кешкі 17.00, Шарға жететін мезгілі 19.30 болып отыр.



Аталмыш бастамаға әсіресе облыс орталығына іргелес Жарма ауданының тұрғындары зор қуаныш білдіріп жатыр. Себебі қыс басталысымен екі аралықта шығыстың ақшұнақ аязы мен ақтүтек боранына байланысты автомобиль қозғалысы қиындайтыны белгілі. Апталап байланыс болмай қалатын кездер де болады. Ал Семей мен Шар арасында Суықбұлақ сынды өзге де көптеген елді мекендер бар. Сондай-ақ Шар маңындағы жаңадан ашылған зауыттарда вахталық режиммен жұмыс істейтін жандар да көп. Демек, жаңа бағдар сәтпен іске қосылса, аймақ тұрғындары үшін тиімділігі мол болмақ.

– Ендігі аралықта облыс орталығы Семей шаһары мен Шар арасында жолаушылар пойызы тұрақты қатынайды деген жағымды жаңалыққа қуанып қалдық. Аталмыш шара іргелі Шар кентінің қала статусын алғанына 60 жыл толуына орай іске асырылады екен.

Аймақ әкімдігі мен ұлттық компания өзара келісімге келіп, тезірек жүзеге асса екен деп тілеп отырмыз, – дейді Шар станциясының тұрғындары.

Бұл іргелес Көкпекті ауданы тұрғындары үшін де тиімді болар еді. Десек те, семейлік теміржолшылар арасында бұл жобаға күмәнмен қарайтындар да бар. Біріншіден, жаңа бағыт өзін-өзі ақтамауы мүмкін. Оның себебі, Шар қаласы күре жолдың үстінде орналасқан. Семей мен Өскеменнен ағылған барлық жолаушылар пойызы осында аялдайды. Мұның сыртында әлі нақтыланбаған өзге де факторлар болуы ықтимал.

Десек те, жергілікті теміржолшылар қауымы егер жоғарыдан пәрмен болса, жаңа кесте құрып, нұсқаулыққа сәйкес әрекет етуге әзір. Бұл орайда қала маңы тасымалының жаңа деңгейге көтерілуі үшін күш салу қажеттігі туындайтыны анық.

Суретті түсірген автор

ВСЕ ИДЕТ ПО ПЛАНУ



На станции Алматы-1 совместно со всеми смежными службами, ревизорским аппаратом прошел осенний комиссионный осмотр пути.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Спектр обсуждаемых вопросов – самый широкий: содержание полотна, исправность технических средств, инфраструктуры станции. В ходе осмотра были выявлены отклонения от содержания нормы, а также определены сроки устранения неисправностей.

Традиционный обход начался с сортировочной горки, куда ведут несколь-

ко путей. Были обследованы центральная горловина станции, стрелочные переводы с помощью измерительного шаблона и штангенциркуля, а также плотность прижатия остряка к рамному рельсу. Специалисты проверили главные и приемоотправочные пути, шпальное хозяйство, светофоры.

Участники комиссионного осмотра прове-

рили и систему электрооборудования, служебных и технических зданий, а также состояние настилов, служебных проходов, освещение станционного парка, санитарную очистку путей. Далее комиссия ознакомилась с работой товарных кассиров, приемосдатчиков багажа и груза, посмотрела работу дежурных по горке, регулировщиков скоростей движения, составителей поездов. Стоит отметить, что работники этих про-



фессионалы выполняют свои обязанности при любых погодных условиях на открытом воздухе в условиях движения поездов и маневровой работы. И здесь важно соблюдать правила личной безопасности.

– Проведение осеннего комиссионного осмотра в регионе является эффективной процедурой,

нацеленной на улучшение безопасности в каждом хозяйстве, это проверка степени готовности к работе в зимних условиях, выявление «узких» мест в обеспечении перевозочного процесса, – комментирует главный региональный ревизор Алматинского участка Мейрамбек Серикбаев.

Фото автора

ОХРАНА ВСТАЕТ РАНО



В Костанайском филиале ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» усилили охрану и сопровождение в транспортировке урожая.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как известно, Костанайская область является крупнейшим поставщиком товаров сельскохозяйственной отрасли, а именно зерна и продуктов зерновой переработки. В связи с чем силами работников филиала «ВЖД» обеспечиваются прием, охрана и сопровождение на линейных станциях обслуживаемого участка грузов сельхозпроизводителей. Как сообщил директор Костанайского филиала ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» Канат Отепов, в ходе охраны и транспортировки данных грузов осуществляется полное взаимопонимание с работниками железнодорожного

транспорта для осуществления выполнения государственной программы развития агропромышленного комплекса. На сегодня предъявленные под охрану поезда сопровождают сотрудники команд на станциях Есиль, Кушмурун, Костанай, Тобол, Арка, а также стрелковые группы на станциях Аркалык и Железнодорожная. Кроме этого, задействована мобильная группа оперативного реагирования. Кстати, протяженность обслуживаемого участка Костанайским «ВЖД» составляет более 2,5 тысячи километров. Часть сотрудников организации задействована на охране стационарных постов, другая – грузов. Успешной работе филиала способствует рациональное использование сил и средств при организации

работы в целом всего коллектива.

– Исходя из оперативной обстановки – увеличения или уменьшения грузовых поездов, количество охранников, задействованных на сопровождении поездов, меняется, – говорит Канат Отепов. – В случае необходимости также дополнительно привлекаются охранники, работающие на приеме-отправке грузов в парке станции.

В канун наступления зимы сотрудники полностью обеспечены зимним форменным обмундированием. А новые здания для размещения личного состава команд построены на станциях Тобол, Кушмурун. В зданиях размещены караульное помещение, комнаты для чистки и хранения оружия, учебный класс, комната отдыха, душевая, медпункт и другие.

– Принимаются также меры по предотвращению производственного травматизма, возникновения несчастных случаев и сохранности оружия при несении ими службы. Усилены меры по повышению уровня защищенности охраняемых объектов от диверсионных и террористических угроз, выявлению и предупреждению противоправных актов на железнодорожном транспорте, – говорит Канат Отепов.

Профсоюз

НЕОЦЕНИМЫЙ ВКЛАД

В День профсоюзов РК в филиале АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (ЦЖС) отметили вклад работников, принимающих активное участие в мероприятиях профсоюзного комитета.



Любовь РОВБА,
Астана

Приветствуя железнодорожников на торжественной церемонии награждения, директор филиала Астана АО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев поздравил с праздником

и поблагодарил за многолетний добросовестный труд, плодотворную работу на железнодорожном транспорте, повышение ее эффективности, развитие и укрепление социального партнерства.

Вклад профсоюзного актива в соблюдение трудового законодательства, вопросы охра-

ны труда и здоровья сотрудников, работу с молодежью, благотворительные акции и спортивные мероприятия отметила в своей речи председатель профсоюзного комитета ЦЖС Балжан Ботатаева.

– Профсоюз силен тем, что это единственный общественный орган, который может и в сила защищать права и интересы работников. Почти все работники Дирекции магистральной сети являются членами профсоюза. Наш профактив отличают активная жизненная позиция и ответственность, – сказала Балжан Ботатаева.

Во время мероприятия благодарственными письмами и грамотами отмечены более 40 членов профсоюза ЦЖС.

От лица награжденных отраслевой профсоюз и руководство ЦЖС поблагодарил главный менеджер департамента правового обеспечения Данияр Дюсембаев:

– Хочу выразить благодарность нашему руководству за внимание, которое уделяется каждому работнику, и достойное выполнение главной задачи профсоюза – защиту законных прав и жизненных интересов работников. Заслуга профсоюза в сплоченности большого коллектива нашей компании, а, как известно, в единстве – сила!

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПОМОЩЬ В РЕШЕНИИ ПРОБЛЕМ

В профсоюзный комитет Карагандинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-19) зачастую обращаются сотрудники с целью разъяснительной работы, так как им важно знать, насколько защищены их права.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В этом поддержку им оказывает председатель цехкома Жантай Нуркенов. С его слов, обращения работников дистанции позволяло сообщать с руководством и вышестоящими структурами найти выход из затруднительной ситуации.

Кроме того, зачастую в цехком обращаются пенсионеры – бывшие работники с просьбой оказать содействие в получении оздоровительных путевок, благотворительной помощи в случае смерти близких, родственников или в случае болезни. Все обращения рассматриваются и на основании принятых решений железнодорожникам оказывается сильная помощь.

По словам Жантая Нуркенова, очень важно, чтобы работники были удовлетворены условиями труда на производстве. Из средств профсоюзного комитета начальникам це-



хов выделяются средства на приобретение бытовых электроприборов – чайников, титанов, микроволновых печей.

– На сегодняшний день сотрудники дистанционных мастерских занимаются строительными работами по отоплению, водоснабжению, ремонту кровли. В цеху

трудятся 12 человек – штукатуры-маляры, слесари, сварщики, старший механик. На предприятии есть железнодорожники, имеющие немалый стаж работы. Для них предусмотрены различного рода поощрения, приуроченные к праздничным датам. Кроме того, во время отпуска работникам предоставляется возможность поправить свое здоровье в здравницах Казахстана, – рассказывает он. – Также профсоюзный комитет регулярно организует отдых на природе. Особенно большой популярностью пользуется традиционная зимняя рыбалка.

В целях профилактики травматизма на 46 станциях имеются специальные стенды, на которых выкладываются памятки касательно безопасного времяпровождения на рабочих местах. В железнодорожной сфере эта тема приоритетная и стоит во главе угла. На сегодняшний день всеми оформительскими работами занимается электромонтер Татьяна Полевая. Стоит отметить, что старые стенды постоянно подлежат обновлению. У Татьяны Полевой есть особый художественный вкус, который она применяет в деле. С ее слов, все стенды должны быть стандартными и выполнены в едином стиле.

Фото автора

НОВЫЙ ГРАФИК

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана



«Пакетный» график движения пассажирских поездов введет национальный перевозчик.

В рамках развития проекта «Интермодальные перевозки – ХАБ системы» АО «Пассажирские перевозки» реализует комплекс мероприятий по изменению маршрутной сети и графика движения поездов.

В частности, ведется разработка «пакетного» графика движения пассажирских поездов, предусматривающего на участке Астана – Шу – Астана интенсивное движение четырех пассажирских поездов: № 3/4 Астана – Алматы, № 9/10 Астана – Алматы, № 71/72 Астана – Шымкент, № 85/86 Астана – Шымкент вагонами «Тальго» с интервалом 20 минут.

Движение данных пассажирских поездов по новому графику исключит их опоздание, связанное с предоставлением «окон» для ремонтно-путевых работ в дневное время суток продолжительностью от шести и более часов.

Также вагоны «Тальго» заменят стандартные вагоны в пассажирских поездах № 9/10 Астана – Алматы и № 71/72 Астана – Шымкент.

Время в пути данных поездов сократится на три и более часов в каждом направлении.

Реализация комплексных технологических мер позволит предоставить пассажирам удобное расписание движения поездов, будут организованы новые маршруты и перераспредел подвижной состав.

Ввод «пакетного» графика движения поездов запланирован с 10 декабря 2023 года. Его выполнение обеспечит полный цикл технического обслуживания составов, безопасность пассажиров и движения поездов.

Профилактика

РАБОТА ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

За переход железной дороги в неустановленных местах к административной ответственности привлечены 20 819 граждан.

С января по сентябрь 2023 года по стране зарегистрирован 1 381 факт экстренного торможения поездов, из них по причине нахождения людей – 305, связанных с нахождением на железнодорожном полотне домашних животных – 902, и другие.

– За девять месяцев текущего года сотрудниками транспортной полиции проведено 2 147 встреч с населением, 3 318 рейдовых мероприятий, 2 124 лекции в учебных заведениях на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности!». В ходе проведения профилактических мероприятий привлекаем внимание граждан, что переход железнодорожного полотна в неустановленных местах не только правонарушение, это их жизнь и здоровье, – отметил начальник департамента полиции на транспорте Бакытжан Малыбаев.

Он отметил, что, несмотря на проводимые профилактические мероприятия, продолжают факты перехода железнодорожных путей в неустановленных местах. Так, четыре человека переходили железную дорогу на станциях Астана, Орал, Шу и Кызылорда.

– К счастью, во всех случаях машинистам удалось остановить железнодорожный состав и избежать трагедии, – говорит глава ведомства.

Однако 66 граждан попали под колеса поездов, из них больше половины погибли, кроме того, травмированы 29 человек. По всем фактам проводились досудебные расследования.

МЕСТО ПЕРЕХОДА ИЗМЕНИТЬ НЕЛЬЗЯ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

За девять месяцев павлодарские машинисты применили 85 экстренных торможений. Причины одни и те же – безнадзорный скот и посторонние люди на пути следования железнодорожного транспорта.

По информации ЛОП на станции Павлодар, 73 факта связаны с домашними животными, оставленными без присмотра. Из них в 43 эпизодах наезда не удалось избежать. Еще восемь случаев – это пренебрежение пешеходами правил прохождения в зоне повышенной опасности. Стражи порядка всех владельцев привлекли к административной ответственности по статье 559, части 1 КоАП РК. Семерых людей за переход железнодорожных путей в непопулярном месте по статье 559, части 5 КоАП РК. Всего по станции Аксте зарегистрировано 20 экстренных торможений, Екибастуз – 49, Шарбакты – 1, станция Павлодар – 13.

По профилактике сотрудниками ЛОП на станции Павлодар и стальной магистрали проведено 124 рейдовых мероприятия, встречи с населением – 77.

Напомним, наибольшее количество экстренных торможений из-за безнадзорных домашних животных наблюдается на Сары-Оба – Еркиншилик, Тургай – Селеты, Коктобе – Жумыскер, Жумыскер – Май. Ранее на одном из совещаний по актуальной проблеме начальник Павлодарского эксплуатационного депо Алмас Төлеубаев обратился с просьбой решить вопрос по сносу либо завершению строительства автопутепровода на участке Токубай – Ушкунлы, потому что из-за возведенной насыпи видимость при приближении к переезду ограниченная, требуется снижение скорости до 25 километров в час. Это негативно влияет как на техническую скорость, так и на другие показатели перевозочного процесса и приводит к непроизводительным потерям. На сегодня вопрос, к сожалению, открыт.

№86 (2903) 13/10/2023

ТО, ЧТО ВАЖНО ЗНАТЬ

Познавательную и веселую викторину для членов профсоюза провели среди железнодорожников в Усть-Каменогорске. Участники должны были продемонстрировать знание Коллективного договора в АО «НК «ҚТЖ», проявить смекалку, находчивость и сноровку в выполнении заданий.



Мероприятие посвящалось Дню профсоюзов Республики Казахстан. В викторине приняли участие пять команд: «Вагонниктер» из Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, «Шнурки» из Защитинской дистанции сигнализации и связи, «Экспресс» станции Оскемен-1, «Новое поколение» из Кумыстауской дистанции пути и «Три мушкетера» из Оскеменской дистанции пути. В каждую команду вошли по одному работнику ИТР и по два представителя рабочих профессий.

Поскольку ни одна викторина не может обойтись без беспристрастного и строгого жюри, то его выбрали еще в самом начале.

В состав судей вошли председатель первичной профсоюзной организации по узлу станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов, председатель «первички» Оскеменской дистанции пути Берик Байкыров и председатель «первички» Защитинской дистанции сигнализации и связи Жанат Кыякбаева.

В начале викторины представитель центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева поздравила всех с праздником, выразив благодарность всем активистам.

Первым заданием для команд стало оригинальное приветствие. Затем участникам раздали кар-

тинки, и в течение одной минуты они должны были определить и перечислить, какие пункты Коллективного договора подходят к этим изображениям. Далее команды ждали «веселые старты». На время нужно было собрать шарик для пинг-понга в стаканчики, показать ловкость рук при подбрасывании карандашей, нанизать на «спагеттину» как можно больше вермишели.

В небольших паузах между конкурсными заданиями проходило награждение лучших активистов, проявивших себя в спортивных мероприятиях, общественной жизни профсоюза.

— Этот человек очень много энергии вкладывает в свою работу, болеет за своих членов профсоюза. Мы с ним уже не в первый год работаем, — представила Айгуль Жайлаубаева получателя главной профсоюзной награды от центрального совета ОО «Казпрофтранс» — медали за активную работу в профсоюзе — Берикхана Тлеужанова.

Также больше 30 человек получили наградные статуетки от профсоюза, денежные сертификаты.

Наконец, жюри подвело итоги викторины среди команд. Первое место заняла команда «Экспресс», второе — «Три мушкетера», третье — «Новое поколение».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск
Фото автора

УКАЖУТ ПУТЬ К ЗДОРОВЬЮ

Акмолинским филиалом ОО «Казпрофтранс» и профсоюзными комитетами Кокшетауского узла на лыжной базе «Динамо» был организован и проведен забег на 1 000 метров спортивным бегом среди работников железнодорожных предприятий Акмолинского отделения магистральной сети и Акмолинского отделения грузовых перевозок. Всего в забеге приняли участие 45 работников.



Первое место среди мужчин занял осмотрищик-ремонтник вагонов ВЧД-34 Асыгат Мерген, второе и третье места — заместитель начальника группы учета РЦО Кокшетау Аскар Жусупов и

электромонтер РТУ СЦБ ПЧ-12 Влад Шигорин, лучшим в номинации «За волю к победе» был признан инженер-технолог ТД-5 Жарас Кылышбаев. Среди женщин первое место

заняла ведущий специалист РЦО Кокшетау Салтанат Сулейменова, второе — инженер первой категории вокзала станции Кокшетау Айым Акжигитова, третье — ведущий специалист РЦО Кокшетау Маржан Сеилова, номинацию «Золотой возраст» получила заместитель начальника технического отдела Гульнара Шинкович. Всем победителям были вручены кубки, медали, грамоты и денежные призы.

Подводя итоги соревнований, председатель Акмолинского филиала «Казпрофтранс» Хазис Закирин отметил, что современное профсоюзное движение отстаивает права трудящихся на рабочие места, достойную заработную плату, безопасные условия труда, социальные гарантии, но также нужно проводить и такие спортивные мероприятия, которые не только сплачивают коллективы, но и несут агитационный характер. Все участники забега получили заряд бодрости и хорошего настроения.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

ВЕСЕЛО И ПОЗНАВАТЕЛЬНО

Увлекательной квиз-игрой отметили День профсоюзов РК работники Многофункционального центра обслуживания (ЦФО).



Мероприятие, организованное профсоюзом ЦФО совместно с филиалом Астана ОО «Казпрофтранс», объединило в музее АО «НК «ҚТЖ» более 20 участников.

— Здесь собрались самые активные лидеры нашего профсоюза, которые первыми принимают на себя все проблемы и чаяния работников и всегда стоят на страже их интересов и законных прав, — обратилась к коллегам председатель профсоюзного комитета ЦФО Куляш Даниярова. — Желаю вам и впредь занимать активную жизненную позицию, успешной деятельностью по защите социально-экономических прав работников, крепить и приумножать наши славные профсоюзные

традиции, основанные на принципах справедливости, единства и солидарности.

Формат увлекательной квиз-игры предполагал командные состязания и не требовал особой подготовки. В первом раунде выступили председатель филиала «Астана» Серик Сарсекеев, председатель профсоюза ЦФС Балжан Ботатаева и директор филиала АО «НК «ҚТЖ» — «Многофункциональный центр обслуживания» Мадияр Султанбек.

Всего за звание самых сплоченных и удачливых сразились шесть команд, состав которых определялся случайно — с помощью жеребьевки. Игрокам предстояло успешно пройти пять раундов.

Первый из них стал продолжением недавнего челленджа по популяризации национального наследия и национальных героев «Атақты тұлғалар» — участники вспоминали имена выдающихся личностей страны и названия их трудов. Во втором раунде «Интересные факты» им предстояло назвать ключевые этапы зарождения и развития профсоюзного движения в мировой истории, а также его активных лидеров. На этапе под названием «Полилот» участники отгадывали загадки, причем ответы им нужно было записать на трех языках. Затем разгадывали анаграммы, а в заключительном раунде «Стоп-кадр» — по фото называли самых узнаваемых работников АО «НК «ҚТЖ».

По итогам праздничной квиз-игры победителями стала команда в составе членов профсоюза Адлета Юсупова, Анар Ибраевой, Айнура Сарсеновой и Гульмиры Мермухановой. Все они отмечены сертификатами в Marvin, а также дополнительной премией в 10 тысяч тенге.

Участники поблагодарили организаторов за увлекательное состязание, новые знания и положительные эмоции, а также поздравили всех членов профсоюза с профессиональным праздником.

Любовь РОВБА, Астана
Фото Александра ЖАБЧУКА

ТЕМІРЖОЛШЫ ОТАБАСЫНДА – ҮШЕМ



Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық станциясында бүгін шілде-хана. Теміржолшы жігіттің шаңырағында Мұстафа, Мүсілім, Мұхаммед есімді үшем өмірге келді.



Шұбарқұдық локомотив айналым депосында (ТД 3) комекші машинист болып еңбек ететін Әсет Сатаев бір сәтте шекесі торсықтай үш ұлды әкесі атанғанына сенер-сенбесін білмей дал. Оған дейін де 4 балалы отбасында енді 7 бала бар деген сөз.

«Үшем екенін естігенде қуандық әрі қорықтық. Құдайға шүкір, бәрі сәтіммен өтіп, әйелім аман-есен босанды. Нағашыларыма егіздер бар. Әйелімнің арғы аталарында да егіздер болған. Бірақ тұқымымызда үшем бізде ғана туды», — деді Әсет Сатаев.

Теміржолшы жігіт келіншегін Ақтөбедегі перинаталдық орталықтан шығарып алды. Айтуынша,

жұбайы босану орталығына бір ай бұрын түскен. Сосын дәрігерлер кесарь тілігі арқылы босандырып алған.

«Ананым да, балалардың да жағдайы жақсы. Сәбилердің салмағы 1700-1470-1350 гр, бойлары 35-40 см болып туды», — деді перинаталдық орталықтың бас дәрігері Гүлшат Темірбаева.

Айта кетсек, биылғы жылдың 9 айында облыстық перинаталдық орталықта 5600-ден астам нәресте дүниеге келген. Оның 76-сы егіз, төртем — жалғыз.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

СЫР ЕЛІНДЕ ӨТКЕН ДҮБІРЛІ ДОДА



Шағын футболдан «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық Кеңесі төрағасы кубогына арналған финалдық ойыны бұл жолы Қызылордада өтті. Екі күр бойы қаладағы Локомотив стадионын дүбірге бөлеген дәстүрлі жарыс осыған дейін әр аймақта жеңімпаз болған бес команда арасында өрбіді.

Кәсіподақтар күні мерекесінде тундигін түрген турнир финалы «Қазкөліккәсіп-2023» теміржол футбол лигасының кубогы» аясында өтті. Финалдық ашылу салтанатына Астанадан арнайы келген «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық Кеңесінің төрағасы Оразғали Ахметбаев, бірлестіктің бас менеджері Амангелді Төрегожин, Астана филиалы төрағасының орынбасары, турнирдің бас төрешісі Әубәйір Жұмаев және Қызылорда облыстық кәсіподақтар кеңесі төрағасы Мақсұт Нәлібаев құттықтау сөз сөйлеп, дүбірлі жарысқа қатысушы командаларға жеңіс тіледі.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев 110 мыңнан астам мүшесі бар теміржолшылар кәсіби одағының жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы алтын көпірге айналып отырғанын, сала кәсіподағы теміржолшылардың мүддесін қорғауда басшылыққа алатын басты құжат — жұмыс берушімен жасалған Ұжымдық шарт талаптарының орындалуына басымдық беретінін, онда еңбеккерлердің



тұрмыстық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі толық қарастырылғанын жеткізді. «Бүгінгі өткізіліп отырған кубок турнирінің финалы — спорт бәсекесі болумен қатар ұжымдағы ынтымақты нығайтып, теміржолшылардың кәсіби шеберлігін шыңдайтын алаң, сала еңбеккерлерін салауатты өмір салтын ұстануға насихаттап, бірлікте, татулыққа шақыратын іс-шара», — деді.


— Құрметті әріптестер, ардагерлер! Бүгін Сыр елінде теміржолшылар-

дың дәстүрлі футбол турнирінің финалы басталғалы тұр. Биылғы кубок турнирінің финалына дейін тораптық, аймақтық додалар



ұйымдастырылып, 100 шақты құрама команда жасыл алаңда бақ сынады. Солардың ішінде іріктеліп, төрт аймақтан финалға жолдама алған сідердің командаларының болды. Сондықтан бүгінгі турнир ойынында әр команданың жеңіске жетуіне тілектеспін, — деген төраға турнирді жоғары деңгейде ұйымдастырған Қызылорда жол бөлімшесінің басшылары мен бірлестіктің Қызылорда филиалына алғыс айтты.

Алғашқы ойын Қарағанды мен Семей командалары арасында басталды. Ә дегеннен шебер ұйымдастырылған шабуыл, команда ойыншыларының бір-бірін йммен түсінісіп, қарсыластар қақпасының осал тұсын таба білуі — қарағандылық құраманың үлкен жетістігі екені белгілі болды. Сондықтан қарағандылықтар айқын басымдылықпен жеңіске жетті. Жалпы финалдағы бес команда айналымды тәсілмен бір-бірімен ойын өткізіп, ұпай санына басымдық берілді. Келесі кезекте Қызылорда мен Атырау командасы алаңға



шығып, бұл жолы атыраулықтар жергілікті ойыншылардан айла-сын асырды. Арыс пен Қарағанды командаларының алғашқы күнгі ойыны да тартысты өтті. Әр құрама қарсыласын жеңу үшін тын тәсіл, жаңа ойын өрнектерін қолданып, шеберліктерін көрсетіп бақты. Бір команда қарсыласа қақпасына гол салумен ерекшеленсе, енді бірі командалық бірліктің мызғымас үлгісін көрсетті, дегенмен командалардың бәрінде жеңіске деген ұмтылыс басым болды.

Турнирдің екінші күні жүлде үшін таласқа түскен командалар ойыны шегіне жетті. Дүбірлі жарыс болғандықтан сары, қызыл карточка алу, айып алаңына шығарылу секілді түрлі жағдайлар да болмай қалмады. Дегенмен ең тартысты да шиеленісті және әдемі ойын қарағандылықтар мен атыраулықтар арасында өткені талас тудырмайды. Жергілікті команда

мен арыстықтардың ойыны да көптің назарын аударды.

Жарысқа қазылық еткен судьялар шешімімен Атыраудың «ТЧЭ-3» командасы 3-орын, Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының «ПЧ-38» құрамасы 2-орынға ие болды. Ал қарсылас шақ келтірмеген Қарағандының «ТЧЭ-14» командасы 1-орын иеленіп, бесінші рет ауыспалы кубокты еншіледі. Сонымен қатар, Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧЭ-34» командасының машинисі Рүстем Есенбеков, Семейдің «ТЧЭ-24» құрамасының машинисі Дәулет Манқұлов, Қарағанды «ТЧЭ-14» командасынан Бауыржан Ахмедия, Арыстың «ПЧ-38» командасынан Ернар Нуридинов және Атыраудың «ТЧЭ-3» командасынан Ернар Ертаев «Үздік ойыншы» деп танылды. Кілең локомотившілер арасындағы жалғыз «ПЧ-38» командасының ойыншысы Зангазур Дініслам «Үздік шабуылшы» атанды.

Осылайша, екі күнге созылған спорт додасы мәресіне жетіп, жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар марапатталып, лайықты жүлделерге ие болды. Сонымен қатар кәсіподақ жұмысын жүргізіп отырған белсенді қызметкерлер, команда тәлімгерлері, ойын төрешілері де құрметке бөленіп, сый-сияпатқа кенелді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суреттерді түсірген автор

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубәева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.